ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
" №2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ"
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №2"
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ТЕМИРТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

---

# БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

2023 жыл 01 қыркүек №215

Теміртау қаласы город Темиртау

**Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Ресспубликасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсанындағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналңан облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына, Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ – 16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына және 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына сәйкес, «Қарағанды облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 11 тамыздағы №411 бұйрығ негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 01 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражат есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.
2. Сынып жетекшілер кесте бойынша 1-4 сынып оқушыларын ақысыз тамақтануға апарсын, оқушыларға асханаға бару тәртібін мәлімдесін.
3. Күнделікті тамақтандыру есебі мониторингі жүргізілсін. Ата – аналарға ақысыз тамақтандыру туралы мәлімдесін.
4. Күніне 1 сыныптар (117 оқушы), 2 сыныптар (131 оқушы), 3 сыныптар (140 оқушы), 4 сыныптар (136 оқушы) 448 теңге, аз қамтылған, қамқорлығынан айырылған құжаттары жасақталынған оқушылар 448 теңге есебінде ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

5. «№2 ЖББМ» КММ әлеуметтік қорғалмаған оқушылары қор тобына қажет етілмеген тамаққа енгізілсін.
6. Келесі айдың 2 күніне дейін табель журналымен бірге өткізілсін.
7. Кәсіпкерлер тамақ әзірлеуге қажетті барлық ыдыс аяқтармен қамтасыз етсін.
8. Дәрігер қызметкері Э.Р.Мамараймова жадынамаға сәйкес талаптарды қатаң түрде орындап, құжаттар жүргізсін.
9. Туған күн және басқа да кештерді өткізуге қатаң тыйым салынсын.
10. Әкімшілік, директор жанындағы кеңесте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы мәселені қарасын.
11. Асхананың тазалық жағдайына жауапты: Э.Р.Мамараймова – дәрігер, М.О. Баумбекова– директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, Ф.Ж Уразбаева– аспазшы.
12. Асхананы кестеге сай кварцтау мен желдетуге жауапты - шаруашылық меңгерушісі М.О Баумбекова.
13. Оқушылардың ішетін суына жауапты- М.О. Баумбекова– директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
14. Тамақтандыруды бақылау және ұйымдастыру, тіркеу құжаттарын жүргізу директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.К.Бозаеваға жүктелсін.
15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**«№2 ЖББМ» КММ директоры** **Г.Коныртаев**

**Бұйрықпен таныстым:**

А.К.Бозаева
Ф.Ж Уразбаева
М.О. Баумбекова
Э.Р.Мамараймова